

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ
Д. СЕРІКБАЕВ ат. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

FOUNDATION

БЕКІТЕМІН:

«Шығыс Қазақстан облысы Білім
басқармасы» ММ басшысы
Жумадилова С. А.

" " 2022 ж.



БЕКІТЕМІН:

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс
Қазақстан техникалық университеті»
КЕАҚ Басқарма Төрағасы - Ректор

Ж. К. Шаймарданов

2022 ж.



«АҚЫЛДЫ AWARDS 2022»
ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ЖҮЛДЕСІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

Өскемен қ., 2022 ж.

Мазмұны

1.	Жалпы ақпарат	3
2.	Мақсаты мен міндеттері	3
3.	Жыл сайынғы «Ақылды Awards 2022» жүлдесін ұйымдастырушылар	3
4.	Жыл сайынғы «Ақылды Awards 2022» жүлдесін өткізу орны мен мерзімі	3
5.	Номинациялар	4
6.	Таныстыру роликтеріне қойылатын негізгі талаптар	4
7.	Бағалау критерийлері	5
8.	Жүлденің сыйлық қоры	5
	1-қосымша	6
	«АҚЫЛДЫ AWARDS 2022» жыл сайынғы жүлдесіне қатысуға өтінім	

Коммерциялық емес акционерлік қоғам Д. Серікбаев ат. Шығыс Қазақстан техникалық университеті	
«АҚЫЛДЫ AWARDS 2022» жыл сайынғы жүлдесі туралы ереже	Стр. 3 из 6

1. Жалпы ақпарат

Жыл сайынғы "Ақылды Awards 2022" жүлдесі - «Алтын белгі» белгісінің марапатына ықтимал үміткерлері ШҚО мектептерінің оқушыларына бағытталған айрықша іс-шара. Ниет білдірген осы санаттағы барлық оқушылар ерікті түрде іс-шараға қатыса алады. Алған орнына қарамастан "Ақылды Awards 2022" іс-шарасына қатысқан әрбір қатысушы сертификатпен марапатталады. Номинацияға үміткерлер лауреат атағын иеленеді.

2. Мақсаты мен міндеттері

1. Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-мен танысу және дарынды оқушыларды өңіріміздің ЖОО шақыру.
2. "Алтын белгі" белгісін иеленуге үміткерлерді ынталандыру, олардың еңбегін бағалау.
3. Талапкерлерді белсенділікке ынталандыру.
4. Оқушыларды ШҚО медалисттер одағына біріктіру.
5. ШҚО-ның беделді ЖОО-на түсу мәселелеріне талапкерлер мен олардың ата-аналарының назарын аудару.

3. Жыл сайынғы «Ақылды Awards 2022» жүлдесін ұйымдастырушылар

1. Шараның басты ұйымдастырушысы - Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ.
2. Ұйымдастыру комитеті – Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ өкілдері.
3. Серіктестері – Өскемен қаласының әлеуметтік белсенді кәсіпорындары.
4. Ақпараттық қолдау – әлеуметтік белсенді БАҚ (облыстық телеарна, радиостанция, интернет ресурстар және т. б.).

4. Жыл сайынғы «Ақылды Awards 2022» жүлдесін өткізу орны мен мерзімі

1. **2022 жылдың 1-19 ақпан** аралығында – таныстыру роликтерін awards18@mail.ru электрондық поштаға жіберу.
2. **2022 жылдың 1-11 наурыз** – таныстыру роликтерін бағалау мен әрбір номинацияда 3 үздікті таңдау бойынша ұйымдастыру комитетінің отырысы.
3. **2022 жылдың 14-31 наурыз** аралығында – www.ektu.kz сайтында әрбір номинация бойынша үздік таныстыру роликтеріне дауыс беру.
4. **2022 жылдың 7 сәуір** – қорытындылау және жүлделерді табыстау. Шараның салтанатты бөлімі - Серікбаев көшесі 19 мекен жайында орналасқан Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ бас ғимаратының акт залында өтеді.

Коммерциялық емес акционерлік қоғам Д. Серікбаев ат. Шығыс Қазақстан техникалық университеті	
«АҚЫЛДЫ AWARDS 2022» жыл сайынғы жүлдесі туралы ереже	Стр. 4 из 6

5. Номинациялар

1. Іс-шарада 8 номинация ойнатылады: «Бизнес – сәттілік», «ФИЗМАТ шындарын бағындырушы», «Біз болашақтың қаласын саламыз», «Таза энергия», «Қазіргі және болашақтың сандық технологиялары», «Ең тапқыр механик», «Жер қойнауын игерушілер», «Тұрақты болашақ».

2. Шорт-параққа номинанттарды мектептер ұсынады. Өтінім нысан бойынша рәсімделеді (1-қосымша).

3. Әр номинацияда үш көрнекті қатысушы таңдалады, олардың жұмыстары дауыс беруге арналған сайтта орналастырылады. Барлығы 24 жұмыс. 24 жұмыстың ішінен 8 номинацияның жеңімпазы таңдалады. Қалған қатысушылар автоматты түрде Жүлде лауреаты атанады.

6. Таныстыру роликтеріне қойылатын негізгі талаптар

1. Жүлдеге қатысу үшін "Алтын Белгі" белгісіне үміткер төмендегі кез-келген номинацияға өзіндік қолтаңбасы бар презентациялық роликті ұсына алады: «Бизнес – сәттілік», «ФИЗМАТ шындарын бағындырушы», «Біз болашақтың қаласын саламыз», «Таза энергия», «Қазіргі және болашақтың сандық технологиялары», «Ең тапқыр механик», «Жер қойнауын игерушілер», «Тұрақты болашақ».

2. **Роликтің мазмұны.** Өзін-өзі таныстыру ролигінде, мысалы "Ең тапқыр механик, себебі ..." жасампаз түрде әрбір таныстыруда сұраққа жауап беру керек. Бейнероликтер ақпараттық бейнемен рәсімделуі тиіс (автордың аты, мектеп атауы, жүлде және номинация атауы). **Қатысушы өзінің ролигінде міндетті түрде Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ атап өту керек.**

3. **Роликтің техникалық талаптары:** роликтің ұзақтығы 1 минуттан аспау керек, форматы MP4, сапалы, жақсы көрінетін бейне. Бейнероликті құрастыру және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану – қатысушының қалауы бойынша.

4. Қатысушылар бейнероликтің жанрын өздері анықтайды (сұхбат алу, репортаж, бейнеклип, мультфильм және т.б.).

5. Роликте фотосуреттерді қолдана алады.

6. Конкурса сапасы нашар, форматқа сәйкес келмейтін және ұзақтығы 1 минуттан асатын жұмыстар жіберілмейді. Роликте зорлық көріністері, озбырлық әрекеттерге шақыру, әдепсіз сөздер мен қорлау, жарнама болмауы тиіс.

7. Қатысушының қалауы бойынша жұмыс үш тілде орындалады: қазақ, орыс, ағылшын.

8. Өтініммен бірге барлық роликтер awards18@mail.ru электрондық поштасына "Ақылды Awards 2022" белгісімен жіберіледі.

9. Қатысушы өзінің бейнесін конкурса жіберіп, оны Университеттен жарнамалық мақсаттарда пайдалануға рұқсат береді.

7. Бағалау критерийлері

Ұйымдастыру комитеті төмендегі критерийлер бойынша бейнероликтерді бағалайды:

1. жұмыстың мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі;
2. бейнероликтің жасампаздығы (идеяның жаңалығы, біртумалығы, ойлау ұшқырлығы);
3. ақпараттылық;
4. бейнені түсіру сапасы;
5. жұмыстың эстетикалығы.

8. Жүлденің сыйлық қоры

Жүлденің барлық қатысушылары сертификат алады.

1. Әр санаттағы Жүлдеге номинанттар номинациялар бойынша дипломдармен марапатталады - 24 адам.
2. **Жүлде лауреаттары бүкіл оқу мерзімінде Д.Серікбаев ат. ШҚТУ гранты сертификаттармен марапатталады.**

**«АҚЫЛДЫ AWARDS 2022»
ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ЖҮЛДЕСІНЕ ҚАТЫСУҒА**

ӨТІНІМ

1. Қатысушының аты-жөні: _____
2. Мектеп: _____
3. Елді мекеннің мекен-жайы: _____
4. Номинацияның атауы: _____
5. Байланыс телефоны: _____

Мектеп директоры: _____

тегі, аты-жөні *қолы* *күні*

МО